 - б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листингтік шартпен және Биржаның басқа ішкі құжаттарымен белгіленген жылдық қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімін бұзуға жол бермеуі тиіс.
- 2) *конвенанттардың (шектеулердің) бұзылуы кезінде эмитенттің әрекет ету тәртібі:*

Осы тармақпен қарастырылған қосымша конвенанттардың (шектеулердің) бұзылуы жағдайында, Эмитент бұзушылық болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигация ұстаушыларына осындай бұзушылық туралы, бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілін және мерзімін толықтай сипаттаумен бірге тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-дің (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек.

Облигацияны өтеп алу туралы бір ғана жазбаша өтініш түскен жағдайда, Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы, сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінен соңғы күнінен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигация ұстаушыларына осындай шешімнің қабылданғаны туралы тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД-дің (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек.

Облигацияларды сатып алу туралы Эмитенттің шешімі және осы тармақшада көрсетілген, жарияланған ақпараттық хабарлама келесі мәліметтерді қамтуы тиіс:

- ✓ Облигацияларды өтеп алу жүзеге асырылатын нарықты көрсетеді (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы;
- ✓ өтеп алынатын Облигациялардың саны туралы;
- ✓ Облигацияларды сатуды өткізетін күн;
- ✓ есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигациялардың өтеп алыну нәтижесіне оларды есептен шығаруға Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызмет атқаратын орталық депозитарийге Облигация ұстаушылардың бұйрық беру тәртібі және (б) Облигация ұстаушысына оның өтеп алынған Облигацияларының төлемі ретінде ақшалай қаражатты аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды өтеп алу бойынша саудаларды өткізу тәсіліне нұсқау;
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Орналастырылған Облигацияларды өтеп алу Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешікпейтін мерзімде жүзеге асырылады.

Эмитент Облигация ұстаушылардың талаптары бойынша Облигацияларды мына бағалардың ең жоғарығысы бойынша өтеп алуға міндетті:

- жинақталған сыйақыны есептей отырып, Облигацияның атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша;
- Облигацияның адал нарықтық бағасы бойынша.

3) *ковенттарды бұзған кезде облигация ұстаушылардың әрекет ету тәртібі:*

Эмитенттің кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратпен Облигация ұстаушысы Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Эмитенттің осы тармақта көрсетілген кез келген қосымша ковенанттарды (шектеулерді) бұзғаны туралы ақпаратты бірінші жариялаған күннен кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде, Эмитенттің мекен-жайына Облигация ұстаушылар, сатып алуға жарияланған Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтінішті беруге, ал Эмитент осы күндерде оларды қабылдауға құқылы.

Облигация ұстаушы өзіне тиесілі Облигацияларды өтеп алу туралы өтінішті барлық керекті деректемелерді көрсете отырып ерікті түрде беруі тиіс:

- заңды тұлға үшін: Облигация ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіргіш нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік берілген күн және берген орган; заңды мекен-жайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банктік деректемелері; сатуға жататын Облигациялардың саны және түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигация ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты; жеке сәйкестендіргіш нөмірі; жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, оның нөмірі және берілген күні; тұратын жері; телефон; банктік деректемелері; өтеп алуға жататын Облигациялардың саны және түрі.

Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысымен Облигацияларды өтеп алу туралы, оның ішінде Облигацияларды өтеп алу өтетін күн туралы шешімдердің қабылданғаны туралы ақпаратпен Облигация ұстаушысы Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарында осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде таныса алады.

Эмитентке қатысушылардың Облигацияларды сатып алу туралы Жалпы жиналысының тиісті шешімімен Облигацияларды сатып алу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген мерзім шегінде сатып алуды ұйымдастыру үшін қажетті Облигацияларды ұстаушылардан қосымша мәліметтер ал қажеттігі көзделуі мүмкін.

Ұйымдастырылған нарықта өтеп алу өткізілген жағдайда, Облигация ұстаушының өзіне тиесілі Облигацияларды өтеп алуға өтініш беру тәртібі Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұйымдастырылмаған нарықта өтеп алу өткізілген жағдайда, Облигацияларды өтеп алу өткізілген күні, Облигация ұстаушысы, Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарияның мекен-жайына, Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімімен айқындалған тәртіпте, өзіне тиесілі Облигацияларды есептен шығаруға бұйрық беруі тиіс.

Өтеуге өтініш бермеген Облигация ұстаушылары, осы проспектіде көрсетілген айналым мерзімі аяқталысымен өздеріне тиесілі Облигацияларды жабуға құқылы болады.

13. Конвертацияланатын облигацияларды шығарғанда келесідей мәліметтер көрсетіледі:

Осы шығарылымның облигациялары конвертацияланатын болып табылмайды.

14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелердің толықтай немесе бөліктей қамтамасыз етушісі болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

15. Кепілдік берген банктің атауы, орналасқан жері, кепілдік шартының деректемелері, мерзімі мен кепілдік талаптары көрсетілген деректері (егер облигациялар банктің кепілдігімен қамтамасыз етілген болса):

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

16. Инфрақұрылымдық облигацияларды шығарған кездегі – мемлекеттің кепілдік беруі туралы концессия шартының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының деректемелері:

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

17. Облигацияларды орналастырудан эмитент алатын ақшалардың нақты мақсатты пайдаланылуы:

Облигацияларды орналастырудан тартылған қаражат Эмитенттің мынадай жобасын қаржыландыруға бағытталатын болады: Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарын, жылжымайтын мүлікті кепілге қойып, сыйақының жылдық тиімді шекті мөлшерлемесінен 56% аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жеке және заңды тұлғаларға берілетін микрокредиттер көлемін ұлғайту.

2020 жылғы желтоқсанда Эмитент облигацияларының бірінші шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап автокөлік құралдары мен жылжымайтын мүлікті кепілге қойып Эмитент беретін микрокредиттің орташа чегі 1 500 000 теңгеден 3 500 000 теңгеге дейін ұлғайды. Мұның себебі Эмитент клиенттерінің жалпы көлеміндегі өтімді/ тартымды кепілдіктері және тұрақты қаржылық жағдайы бар ірі және кредитке қабілетті клиенттер үлесінің артуы болды. Алайда Эмитент тәуекелдерді басқарудың ішкі жүйесі шеңберінде, оның ішінде бір қарыз алушыға тәуекелдерді бағалай отырып, жақын арада бір қарыз алушыға қарыз сомасын 30 000 000 теңгеден астам сомаға ұлғайтуды жоспарлап отырған жоқ.

Орташа чектің ағымдағы мөлшерін ескере отырып, Эмитент Облигацияларды орналастырудан тартылған ақша есебінен шамамен 285 микрокредит беруді жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Тартуға жоспарланған қаражатты тиімді және жедел игеру, сондай-ақ Эмитент брендінің танымалдылығын арттыру және оның инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында 2022 жылдың шілдесінде Нұр-Сұлтан қаласында филиалы ашты және Эмитент бағалау бойынша экономикалық белсенділігі неғұрлым жоғары республикалық маңызы бар қалаларда, атап айтқанда Алматы және Шымкент қалаларында өзінің қатысу ауқымын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Осы шығарылымның облигациялары «жасыл» облигациялар, әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, инвестициялық облигациялар немесе орнықты дамуға байланысты облигациялар болып табылмайды.

18. Айналым мерзімі өткен, эмитентпен бұрын орналастырылған (эмитенттің өтеп алған облигацияларын алып тастағанда), облигациялар бойынша төлемді талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығарғанда, осы облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақылардың сомасы қосымша көрсетіледі:

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейтін болады.

19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) осы проспектіде көзделген тәртіпте және мерзімде Облигацияларды жапқанда атаулы құнын алу құқығы;
- 2) осы проспектіде көзделген көлемде және мерзімде облигациялар бойынша олардың атаулы құнынан белгіленген пайызды алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Биржаның қағидаларымен сәйкес және оларда көзделген тәртіпте, Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда және тәртіпте Облигацияларға қатысты өздерінің талаптарын қанағаттандыруға құқық;
- 5) осы проспектіде белгіленген жағдайларда барлық Облигацияларды немесе оның бөлігін өтеп алуға жариялау құқығы;

- 6) Облигацияларды еркін сату және басқаша түрде өкімдік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы проспектімен көзделген жағдайларда, Эмитенттің Облигацияларды өтеп алуды талап ету құқығы. Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеп алуды талап етуге өздерінің құқықтары әрі қарай осы тармақшада көрсетілген:

а) Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеп алуды талап етуге, егер Эмитент Құнды қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағымен белгіленген талаптардың кез келгенін бұзуға жол бергенде, және Құнды қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4 бабының 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған жағдайларда құқылы болады.

Эмитент Құнды қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағымен белгіленген талаптардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу, жинақталған сыйақыны есептей отырып, Облигацияның атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша жүзеге асырылады.

Құнды қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабының 2-тармағымен 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жағдайлар болған кезде, Эмитент мына бағалардың неғұрлым жоғарғысы бойынша орналастырылған Облигацияларды өтеп алуды жүзеге асыруға міндетті болады: (i) жинақталған сыйақыны есептей отырып, Облигацияның атаулы құнына сәйкес келетін баға бойынша; (ii) Облигацияның адал нарықтық бағасы бойынша.

Құнды қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағымен және 18-4-бабының 2-тармағымен 1) және 2) тармақшаларында белгіленген жағдайлар болған кезде, Эмитент көрсетілген негіздемелер болған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларына Облигацияларды өтеп алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек. Бұл ақпарат Облигацияны өтеп алудың қай негіздемелеріне орын бар екені туралы толық сипаттамадан, сондай-ақ қажет болған жағдайда басқа да ақпараттан тұруы керек.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарламаның бірінші жарияланған күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде, Облигация ұстаушылар, сатып алуға жарияланған Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтінішті беруге, ал Эмитент осы күндерде оларды қабылдауға құқылы.

Облигацияны сатып алу туралы бір ғана жазбаша өтініш түскен жағдайда, Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы, сатып алу туралы жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде, мынандай шешім қабылдауға міндетті.

Эмитент Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды сату туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларына осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпараттық хабарламаны Биржаның (www.kase.kz) және ҚЕД (www.dfo.kz) ресми ғаламтор-ресурстарына орналастыру арқылы ескертуі керек.

Эмитенттің қатысушысының облигацияларды сатып алу туралы шешімі және осы тармақшада көрсетілген жарияланған Ақпараттық хабарлама мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- ✓ Облигацияларды өтеп алу жүзеге асырылатын нарықты көрсетеді (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған);
- ✓ Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға туралы;
- ✓ сатып алынатын Облигациялардың саны туралы;
- ✓ Облигацияларды сатуды өткізетін күн;

- ✓ есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде:
 - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигациялардың өтеп алыну нәтижесіне оларды есептен шығаруға Облигация ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызмет атқаратын орталық депозитарийге Облигация ұстаушылардың бұйрық беру тәртібі және (б) Облигация ұстаушысына оның өтеп алынған Облигацияларының төлемі ретінде ақшалай қаражатты аудару тәртібі;
 - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды өтеп алу бойынша саудаларды өткізу тәсіліне нұсқау;
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мәліметтер.

Орналастырылған Облигацияларды сату Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды сату туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешікпейтін мерзімде жүзеге асырылады.

б) осы проспектімен қарастырылған дефолт оқиғасы болған жағдайда.

Дефолт оқиғасы болған жағдайда, Облигация ұстаушыларының өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуға өздерінің құқықтарын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 20-тармағында көрсетілген.

в) Ковенанттардың (шектеулердің) кез келген бұзушылықтары болғанда және Эмитент оны осы проспектіде көзделген мерзімдерде жоймағанда, Облигация ұстаушылар өздеріне тиесілі Облигацияларды сатуды, осы проспектінің 12-тармағында көзделген талаптарда, тәртіпте және мерзімдерде талап етуге құқылы болады.

г) Облигациялардың айналысы кезеңінде ұстаушылар Эмитенттен өздеріне тиесілі Облигацияларды өтеп алуды талап етуге құқылы, бұл ретте келесі күндер арасындағы кезең:

- ұстаушысы өтеп алуға мәлімдеген Облигацияларды сатып алған күннен бастап;
- осы Облигациялар ұстаушысы Эмитентке өтеп алу туралы тиісті өтінішті жіберген күнге дейін (көрсетілген күнді қоспағанда),

бұдан әрі «**Иелену кезеңі**» деп аталып, кемінде 3 (үш) жыл құрайды.

Эмитент осы тармақшаға сәйкес өтеп алуды Биржаның ресми интернет-ресурсында орналастырылған, Биржа нарықтық деректер бойынша жүзеге асырған нарықтық бағалау деректері бар Биржаның файлдарындағы және Биржа орталық контрагенттің мақсаттары үшін анықтаған индикативті деректері бар Биржаның файлдарындағы Облигациялар бойынша соңғы қолжетімді деректердің негізінде белгіленетін нарықтық бағамен жүзеге асырады. Облигациялардың айналысы кезеңінде Биржа нарықтық бағалауды жүргізуден және Биржаның ресми интернет-ресурсында орналастырылған жоғарыда аталған файлдарды қалыптастырудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Міндетті сатумен өтеп алу және Міндетті сатусыз өтеп алу мақсатындағы нарықтық баға Биржаның сауда-саттық жүйесінде ашық сауда әдісімен жасалған Облигациялармен соңғы мәміле негізінде белгіленеді.

Облигацияларды өтеп алуға ұсыну үшін Облигацияларды ұстаушы Эмитентке келесі жолдардың кез келгенімен тиісті өтініш жіберуі керек:

– Эмитенттің электрондық мекенжайына жіберілген электрондық хабарлама: s.aytzhanov@credittime.kz, info@credittime.kz;

– Биржаның ресми интернет-ресурсындағы (www.kase.kz) Эмитенттің парақшасында орналастырылған Эмитенттің мекенжайына жіберілген жазбаша өтініш.

Көрсетілген өтініште келесі мәліметтер болуы керек:

- 1) заңды тұлға үшін: Облигациялар ұстаушысының атауы; бизнес сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген органы; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; байланыс телефондары;
- 2) жеке тұлға үшін: Облигациялар ұстаушысының тегі, аты, бар болса, әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні және берген органы; тұратын жері; байланыс телефондары;
- 3) барлық санаттағы тұлғалар үшін: өтеп алуға мәлімденген Облигациялардың саны;
- 4) барлық санаттағы тұлғалар үшін: саны өтеп алуға мәлімденгеннен кем емес Облигацияларды сатып алған күн.

Облигациялар ұстаушысының тиісті өтінішінде берілген мәліметтерді ескере отырып, Эмитент Иелену кезеңінің ұзақтығын бағалауды «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамының ресми интернет-ресурсындағы (www.kacd.kz) Эмитенттің жеке кабинеті арқылы алынған Облигациялар бойынша тіркелген мәмілелер (операциялар) туралы есептің негізінде немесе Иелену кезеңінің ұзақтығын сенімді түрде растайтын басқа құжаттың негізінде бағалайды.

Иелену кезеңі 3 (үш) жылдан кем болған жағдайда, Эмитент Облигацияларды өтеп алу туралы өтінішті Эмитентке жіберген Облигация ұстаушысына (Эмитент өтеп алу туралы тиісті өтінішті алған жолмен) оның негізінде Иелену кезеңінің ұзақтығы анықталған құжаттың көшірмесімен бірге өтеп алудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Иелену кезеңі 3 (үш) жыл және одан көп болған жағдайда, Эмитент тиісті Облигация ұстаушысынан алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

- 1) оның мекенжайына (Эмитент өтеп алу туралы тиісті өтініш алған жолмен) өтеп алу туралы растауды жібереді және Облигация ұстаушысымен Облигацияларды өтеп алу туралы мәміленің күні мен жүргізу тәртібін келіседі;

- 2) Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдайды.

Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысының Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпарат Биржаның (www.kase.kz) және ДФО (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды өтеп алуды Эмитенттің Қатысушыларының жалпы жиналысы Облигацияларды өтеп алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүзеге асырылады.

- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіпте, Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа да құқықтарды талап етеді.

20. Эмитенттің облигациялар бойынша дефолтты жариялауы мүмкін болатын оқиғалар туралы мәліметтер:

- 1) *Эмитенттің облигациялар бойынша дефолтты жариялауы мүмкін болатын оқиғалар тізбесі:*

Дефолт – ол эмиссиялық құнды қағаздар мен басқа да қаржылық құралдар бойынша міндеттемелерді орындамау. Эмитенттің Облигациялар бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «**Дефолт оқиғасы**»), осы проспектімен негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін белгіленген мерзімдерде негізгі борыштың және (немесе) купондық сыйақының сомаларын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерді бөліктей немесе толықтай орындамауы болып табылады.

- 2) облигациялар бойынша дефолт болған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары, оған қоса, облигациялар бойынша сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісті түрде орындамағанда облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау ресімдері, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі және талаптары:

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы болған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларға Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомаларын төлеу туралы ақшалай міндеттемені орындайтын күні (нақты төлем күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің базалық ресми мөлшерлемесін ескере отырып, тұрақсыздық төлемін немесе әрбір кешіккен күн үшін оның тиісті бөлігін (тұрақсыздық төлемін есептеудің соңғы күні нақты төлем күні болып табылады) есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент Облигациялар бойынша өзінің міндеттемелерін бөліктей немесе толықтай орындамағаны үшін жауапкершіліктен, егер осы орындамау адамның күші жетпейтін жағдайларға байланысты болып табылса, босатылады. Адамның күші жетпейтін жағдайларға болуын алдын ала болжауға және алдын алуға болмайтын жағдайлардың келуі түсініледі (табиғи құбылыстар, әскери қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипаттағы уәкілетті органдардың актілері және с.с.). Адамның күші жетпейтін жағдайлар болғанда, осы проспектімен қарастырылған, Эмитенттің өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі, осындай жағдайлардың және олардың салдарларының әрекет ету күші жетпейтін жағдайлар болғанда, сәйкесінше кері шегеріледі.

Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен талаптары Эмитент пен Облигация ұстаушылардың арасында келіссөз арқылы шешіледі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Қатысушылардың жалпы жиналысында, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес несиегерлердің келісімімен, оның ішінде Облигациялармен оның ұстаушысына берілген құқықтарды ескере отырып қабылдайды. Эмитент Дефолт оқиғасының болғаны туралы ақпаратты Облигация ұстаушыларға осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген мерзімдерде, тәртіпте және қолданылатын тәсілдермен жеткізеді.

Дефолт оқиғасының болғаны туралы ақпараттық хабарламаны бірінші жариялаған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде, Эмитент Облигация ұстаушылардан, сатып алуға жарияланған Облигациялардың саны көрсетілген, жинақталған сыйақы ескерілген Облигациялардың атаулы құнына сәйкес баға бойынша Облигацияларды өтеп алу туралы (Облигациялар бойынша талап ету құқықтары) Облигация ұстаушылардың жазбаша өтініштерін не Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Дефолт оқиғасының болғаны туралы ақпараттық хабарламаны бірінші жариялаған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешікпей, Эмитент Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне, басқа мәселелермен бірге, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілетін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын және (қажет болса) осы проспектіге енгізілуі мүмкін жобаны бекіту туралы мәселелер де енгізілуі тиіс.

Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша, өзінің төлем қабілетін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем қабілетін қалпына келтіруі мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған жағдайда, сондай-ақ, егер Эмитент, борышкердің несиегерлердің талаптарын толықтай көлемде қанағаттандыру қабілетсіздігінде туындайтын қоғамдық қарым-қатынастарды реттейтін заңнамамен көзделген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыштың сомасын және (немесе) купондық сыйақыны төлеу бойынша және қабылданған Облигациялар ұстаушылардың жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өзінің міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигация ұстаушылардың әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының қайта қалпына келтіру және банкроттық саласындағы заңнамамен реттеледі.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу нәтижелері бойынша төлем қабілеттігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген жағдайда, Эмитенттің қатысушыларының жалпы жиналысы Облигациялармен берілетін оның ұстаушысының құқықтарын ескере отырып, осы төлем қабілеттігін қалпына келтіру бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

- 3) *эмитенттің облигация ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелер көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының жасай алатын әрекеттерінің тізімдері, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитентке, эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлы жауапкершілікте болатын тұлғаларға облигация ұстаушыларының талап етумен облигация ұстаушылардың өтініш беру тәртібі туралы мәліметтер кіретін дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері:*

Облигациялар бойынша дефолт басталғанда, Эмитент осындай Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою үшін және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күшін салады.

Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған жағдайда, Эмитент сондай оқиға орын алған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде, Облигация ұстаушыларына осындай шешімнің қабылданғаны туралы тиісті ақпараттық хабарламаны Биржаның ресми ғаламтор-ресурсында (www.kase.kz) оның қағидаларымен белгіленген тәртіпте және ҚЕД ресми ғаламтор-ресурстарына (www.dfo.kz) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте орналастыру арқылы ескертуі керек. Эмитенттің ақпараттық хабарламасы мынандай мәліметтерден тұруы керек:

- ✓ Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептердің толықтай сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәліметтер;
- ✓ өздерінің талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигация ұстаушыларының жасай алатын әрекеттерінің тізімдері, оған қоса Облигация ұстаушысының Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдері;
- ✓ Дефолт оқиғасының басталуын туындатқан себептерді жою үшін Эмитенттің жасаған немесе жасайтын шаралары;
- ✓ Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитенттің шешімі бойынша басқа да ақпарат.

Басқа заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты тапсыру қарастырылмаған.

- 4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлы жауапкершілікте болатын тұлғалармен жасалған шарттың күні және нөмірі, сол адамдардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тікелген күні (егер ондай тұлғалар бар болса).

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлы жауапкершілікте болатын тұлғалар, жоқ.

21. Облигацияларды жабу сәтіне дейін сыйақыны төлеудің әрбір кезеңінің бөлігінде сыйақы төлеу және негізгі борыштың сомасын жабу үшін қажетті, эмитенттің ақшалай қаражаттар көздері және ағымдарының болжамы:

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу және негізгі борыштың сомасын жабу үшін қажетті, эмитенттің ақшалай қаражаттар көздері және ағымдарының болжамы осы проспектінің 1-Қосымшасында келтірілген.

22. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілдері туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Осы шығарылымдағы облигациялар қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар болып табылмайды, осыған байланысты, Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қарастырылмаған.

23. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

Облигациялар бойынша төлем агенті көзделмеген. Купондық сыйақылар мен атаулы құнды төлеуді Эмитент өз бетінше жүзеге асыратын болады.

24. Эмитенттің кеңесшілері туралы мәліметтер (егер Құнды қағаздар нарығы туралы Заңмен сәйкес, эмиссиялық құнды қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы туралы мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша шарт жасалғаны жөнінде міндет белгіленген жағдайда):

Эмитент қаржы консультантын Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен (2021 жылғы 10 наурыздағы №14 отырыс хаттамасы) бекітілген Биржаның Листингтік қағидаларының 6-бабының 1-тармағы негізінде тартқан жоқ. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда Эмитенттің Облигацияларды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі шарт жасасуы жөніндегі міндеттемелер белгіленбеген.

«Кредит Тіме» МҚҰ» ЖШС
Бас директоры



Айтжанов С. Е.

1-Қосымша. Облигацияларды жабу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігіндегі негізгі борыштың сомасын жабу және сыйақыларды төлеу үшін қажетті, Эмитенттің ақшалай қаражат көздерінің және ағымдарының болжамы.

Эмитент Облигацияларды орналастыру нәтижесінде тартылған ақшаларды іс-қимылдық қызметтерін кеңейту үшін бағыттауды жоспарлады, осыған байланысты Облигациялар бойынша негізгі борыштың сомасын жабу және сыйақыларды төлеу үшін қажетті ақшалай қаражат көздері Эмитенттің іс-қимылдық қызметінен түсетін болады:

Мың теңге

Баптың атауы	2022 жылдың 4 тоқсаны	2023 жылдың 1 тоқсаны	2023 жылдың 2 тоқсаны	2023 жылдың 3 тоқсаны	2023 жылдың 4 тоқсаны	2024 жылдың 1 тоқсаны	2024 жылдың 2 тоқсаны	2024 жылдың 3 тоқсаны	2024 жылдың 4 тоқсаны	2025 жылдың 1 тоқсаны
Осы проспектінің 17-тармағында көрсетілген жобалар бойынша орналастырылған облигациялардан ақша қаражаты есебінен алынған эмитенттің операциялық қызметінен түскен таза ағыны	-58 000	-39 854	-105 544	-50 045	-20 044	10 454	23 588	98 777	124 444	24 329
Облигацияларды орналастыру және (-) жабу	100 000	300 000	200 000	300 000	100 000					
Купондық сыйақыларды төлеу		-20 000	-30 000	-45 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000
Көрсетілген ақша ағындары шегіндегі кезең басындағы қалдық	19 539	61 539	301 685	366 141	571 096	601 052	561 506	535 094	583 871	658 315
Көрсетілген ақша ағындары бойынша кезең соңындағы қалдық	61 539	301 685	366 141	571 096	601 052	561 506	535 094	583 871	658 315	632 645

Кестенің жалғасы

Мың теңге

Баптың атауы	2025 жылдың 2 тоқсаны	2025 жылдың 3 тоқсаны	2025 жылдың 4 тоқсаны	2026 жылдың 1 тоқсаны	2026 жылдың 2 тоқсаны	2026 жылдың 3 тоқсаны	2026 жылдың 4 тоқсаны	2027 жылдың 1 тоқсаны	2027 жылдың 2 тоқсаны	2027 жылдың 3 тоқсаны	2027 жылдың 4 тоқсаны
Осы проспектінің 17-тармағында көрсетілген жобалар бойынша орналастырылған облигациялардан ақша қаражаты есебінен алынған эмитенттің операциялық қызметінен	-64 265	299 330	259 426	385 360	258 544	290 355	227 001	196 894	237 777	390 357	237 850

Баптың атауы	2025 жылдың 2 тоқсаны	2025 жылдың 3 тоқсаны	2025 жылдың 4 тоқсаны	2026 жылдың 1 тоқсаны	2026 жылдың 2 тоқсаны	2026 жылдың 3 тоқсаны	2026 жылдың 4 тоқсаны	2027 жылдың 1 тоқсаны	2027 жылдың 2 тоқсаны	2027 жылдың 3 тоқсаны	2027 жылдың 4 тоқсаны
түскен таза ағыны											
Облигацияларды орналастыру және (-) жабу											-1 000 000
Купондық сыйақыларды төлеу	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000	-50 000
Көрсетілген ақша ағындары шегіндегі кезең басындағы қалдық	632 645	518 379	767 709	977 135	1 312 495	1 521 039	1 761 394	1 938 395	2 085 289	2 273 066	2 613 423
Көрсетілген ақша ағындары бойынша кезең соңындағы қалдық	518 379	767 709	977 135	1 312 495	1 521 039	1 761 394	1 938 395	2 085 289	2 273 066	2 613 423	1 801 273

Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақшалай қаражаты ағымдарының болжамы, дұрыс емес және дәл емес болуы мүмкін, және әр түрлі факторларға байланысты, оған қоса экономикалық және саяси жағдайларға, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерге, салық талаптарындағы өзгерістерге (оған қоса салықтық мөлшерлемелердің өзгеруі, жаңа салық заңдары және салық заңнамасын түсіндіруді қайта қарау), сот және төрелік қарауларға, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі, алмастыру бағамының өзгеруі және басқа да нарықтық жағдайларға байланысты өзгеріске ұшырайтын болжауларға, бағалаулар немесе тәсілдерге байланысты болады. Эмитент жаңа ақпараттың пайда болуы, болашақ оқиғалардың немесе басқа негіздемелердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамдық деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізбейтін болады.

Пронито и пронумеровано на 10
(двадцать) листах

